



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 02 қыркүйек
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 232
город Костанай

**Қараусыздықты, панасыздықты және құқық бұзушылықты
алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Кәмелетке толмағандар арасында қараусыздықты, қорғансыздықты, құқық бұзушылықты алдын-алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстарды алдын алу негіздері бойынша гимназияның психологиялық қызметінің мүшелері үшін практикалық семинар-тренингтерді өткізу ұйымдастырылсын. (жылына 1 рет).

2. Жас полиция көмекшілері жасақтарының қызметі жандандырылсын.

3. Білім басқармасының жас полиция көмекшілерінің жасақтарын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу қызметінің мазмұнын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жинағының практикалық қолданылуы қамтамасыз етілсін.

4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын алу бойынша ішкі істер органдарының, білім беру ұйымдары мен ата-аналар қоғамдастығының өзара іс-қимылы жандандырылсын.

5. Жұмыстың интерактивті формалары мен әдістерін (пікірталастар, әдеби-құқықтық викториналар, баспасөз конференциялары, түрлі тренингтер, іскерлік ойындар, сот процестерін сахналау және т.б.) пайдалана отырып, әлеуметтік маңызды қасиеттерді, оқушы тұлғасының белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу және дамыту бойынша жұмыстар жандандырылсын.

6. Әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру мақсатында алдын алу жүйесі органдарының, мүдделі ұйымдардың өкілдерін шақыра отырып, азаматтық құқықтық сана және құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы өткізілсін. (жоспарға сәйкес)

7. Ақпаратты жүйелі түрде жаңарта отырып, құқықтық мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндірме материалдары гимназияның ресми сайты мен әлеуметтік паракшаларда орналастыру жұмысы қамтамасыз етілсін.

8. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

жауапкершілігі гимназияның әлеуметтік педагогы А.Бекбаеваға, педагог-психологы Г.Ниязбековаға жүктелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а. А.Қойшыманға жүктелсін.

Директор:



А.Мадиев

Бұйрықпен таныстырылды:

«02» қыркүйек 2025ж.

1.А.Қойшыман

2.А.Бекбаева

3.Г.Ниязбекова